

"Білім беру ұйымдары үшін оқу әдебиеттерін дайындауды және басып шығаруды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 24 мамырдағы N 454 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 10 шілдедегі N 380 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 8 тамызда тіркелді. Тіркеу N 4333. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 5 маусымдағы N 325 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008.06.05 N 325 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

Білім беру ұйымдары үшін оқу әдебиеттерін дайындау және басып шығару жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1.»"Білім беру ұйымдары үшін оқу әдебиеттерін дайындауды және басып шығаруды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы"» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 24 мамырдағы N 454 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2883 болып тіркелген, 2005 жылғы 12 тамыздағы N 83-84»"Заң газетінде" жарияланған, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2006 жылғы 31 қаңтардағы N 44 бұйрығына сәйкес енгізілген өзгертулермен қоса, нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4080 болып тіркелген, 2006 жылғы 28 сәуірдегі N 76-77»"Заң газетінде" жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, білім беру ұйымдары үшін оқу әдебиеттерін дайындауды және басып шығаруды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықта:

2-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"оқулық - оқу пәні, оның бөлімдері, бөліктері жүйелі түрде мазмұндалатын үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес келетін және осы басылымның түрі ретінде ресми бекітілген оқытуға арналған кітап";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Қазақстан Республикасының білім саласындағы орталық атқарушы

орган (бұдан әрі - орталық атқарушы орган) оқу әдебиеттерін дайындау және басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.";

3-тармақтағы»"Қазақстан Республикасының білім аясындағы (бұдан әрі - орталық атқарушы орган)" сөздер алынып тасталсын;

7-тармақ алынып тасталсын;

10-тармақ алынып тасталсын;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Орталық атқарушы орган сараптама нәтижелері бойынша оқу әдебиетіне »"Жіберілген»(ұсынылған)" деген гриф береді және барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарындағы білім беру процесінде пайдалануға жіберілген оқу әдебиеттерінің тізбесін бекітеді.";

13-тармақта»"алқа шешімі" деген сөздер»"сараптаманың қорытындысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

14-тармақта»"Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясы, орталық атқарушы орган анықтаған ұйымдар жүзеге асырады" деген сөздер»"Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығы жүзеге асырады" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (С.Б.Есбосынова):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап, қолданысқа енгізіледі.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр А.Қ.Әбдімомыновқа жүктелсін.

Министр